



---

*АБАЙ*  
Дүниеге, сіра,  
сөндей мазан  
екар екөк,

---



---

---

*АБАЙ*  
Дүниеге, сіра,  
сөндей мазан  
жар экөк.



Алматы  
«Жалын»  
1990

---

**84 Қаз7—5**

**A 13**

**Суретшісі Қадырбек Кәметов**

A — 4702250102—133 — 16—89  
408(05)90

**84 Қаз7—5**

ISBN 5—610—00458—2

**©«Жалын» баспасы, 1990**

---

Аймымы сәлем,  
Калашқас

---





Мен сәлем жазамын,  
**Қарагым қалқама.**  
Қайғынан азамын,  
Баруши айта ма?

Күн бойы күтемін  
Келер деп хабарың,  
**Қайғырмай** не етемін,  
Бізде **жоқ** назарың.

Көнілге жұбаныш,  
Сен едің **базарым.**  
Сенсіз жоқ қуаныш,  
Тозды енді ажарым.



**Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы,**  
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.  
**Жінішке қара қасы сыйып қойған,**  
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.  
**Мандайдан тура түскен қырлы мұрын,**  
Ақша жүз, алқызыл бет тіл **б** ай лайды.  
**Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,**  
**Сықылды** қолмен тізген, іш қайнайды.  
Сөйлесе, сөзі әдепті **әм мағналы,**  
Күлкісі бейне бұлбұл **құс** сайрайды.  
**Жұп-жұмыр,** ақ торғындей **мойны** бар,  
Улбіреген **тамағын** күн шалмайды.  
**Тақтайдай** жауырыны бар, иығы тік,  
Екі алма кеудесінде **қисаймайды.**  
**Сорақы** ұзын да емес, қысқа да емес,  
Нәзік бел тал шыбықтай бұрандайды.  
Етіндей жас **баланың** білегі бар,  
Ажымсыз **ақ** саусағы іске ынғайлышы.  
Қолаң қара шашы бар жібек талды,  
Торғындей толқындырып көз **тандайды.**

Қызарып, сұрланып,  
**Лұпілдеп** жүрегі.  
Өзгеден ұрланып,  
Өзді-өзі керегі.

Екі асық **құмарлы**,  
Бір жолдан қайта алмай,  
Жолықса ол зарлы,  
Сөз жөндеп айта **алмай**.

Аяндал ақырын,  
Жүрекпен алысып,  
Сыбдырын, тықырын  
**Көңілмен** танысып.

Дем **алыс** ісініп,  
**Саусағы** суынып,  
Белгісіз **қысылып**,  
Пішіні құбылып.

**Иығы** тиісіп,  
Төмендеп **көздері**.  
**Үндемей**. сүйісіп,  
**Мас** болып **өздері**.

Жанында жапырақ,  
Үстінде жұлдыз да,  
Елбіреп — қалтырап,  
Жігіт пен ол **қыз** да.

/ /

Өзге ойдан тыйылып,  
Бірімен бірі әуре,  
**Жүрекке** құйылып,  
Жан рахат бір сәуле.

Жүрегі елжіреп,  
Буындар босанып,  
Рахатпен әлсіреп,  
Көзіне жас алып.

**Жүйрік** тіл, терен, **ой**,  
Сол күнде қайда едің?  
Ғашыққа **мойын қой**,  
**Жеңілдің**, жеңілдің!



\* \* \*

Білектей арқасында өрген **бұрым**,  
Шолпысы сылдыр **қағыш** жүрсе ақырын.  
Кәмшат бөрік, ақ тамак, **қара** қасты,  
**Сұлу қыздың** көріп пе ең мұндай түрін?

Аласы аз қара көзі айнадайын,  
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,  
Үлбіреген ақ етті, ашық **жүзді**,  
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?

**Бұран** бел, бойы сұлу, кішкене **аяқ**,  
Болады осында **қыз** **некен-саяқ**,  
Піскен алма секілді тәтті қызды  
Боламын да тұрамын көргендей-ак.

Егерде қолың тисе білегіне,  
Лұпілден қан соғады жүрегіңе.  
Бетінді таяп **барсаң** **тамағына**,  
Шымырлап бу енеді **сүйегіңе**.

## **ЖІГІТ СӨЗІ**

Айттым сөлем, Қаламқас,  
Саған құрбан мал-мен **бас**.  
**Сағынғаннан** сені **ойлап**,  
Келер көзге ыстық **жас**.

Сенен **артық** жан тумас,  
Туса туар — **артылmas**.  
Бір өзіңнен **басқаға**  
**Ынтықтығым** **айтылmas**.

Асыл адам айнымас,  
Бір бетінен **қайрылmas**.  
**Көрмесем** де, көрсем де,  
**Көңлім** сенен **айрылmas**.

Көзім **жатқа** қарамас,  
Жат та маған **жарамас**.  
**Тар** төсекте төсінді  
Иіскер ме едім жалаңаш?

**Иығымда** сіздің шаш  
**Айқаласып тайталас**.  
Ләzzат **алсақ** болмай ма,  
Көз жұмулы, көніл мас?

Сізде сымбат, бізде **ықылас**,  
Осы сөзім бәрі рас.  
**Сіздей жардың** жалғанда  
**Қызығына** жан тоймас.

**Етің** етке тигенде,  
**Демің** тиіп **сүйгенде**,  
Бой шымырлап, тән **еріп**,  
Ішім оттай **күйгенде**.

Жүрек **балқып** игенде,  
Ішкі сырды **түйгенде**,  
Іздел табар **сұңқармын**,  
**Жаастықты** шүйгенде.

**Қылышында жок** оғат,  
Карап тойман жүз қабат.  
**Ыстық тартып** барасың  
Бір сағаттан бір сағат.

С із — **қырғауыл** жез **қанат**,  
Аш **бетінді**, бер қарат,  
Жақындай бер жуықтап,  
Тамағындан аймалат.

## ***Қызы Сөзі***

**Киыстырып мақтайсыз  
Ойласаң не таппайсыз?  
Бізде ерік жок, өзің біл,  
Әлденеге бастайсыз.**

**Віз де әркімді байқаймыз,  
Тап бергеннен тайқаймыз.  
Сіздей асыл кез болса,  
Кайтіп басты шайқаймыз?**

**Ақылыңа сөзің сай,  
Сіз — жалын шоқ, біз — бір май;  
Ыстық сөзің кірді ішке,  
Май тұра ма шыжымай.**

**Қабыл көрсөң, көңілім жай,  
Тастап кетсөң, япырмай,  
Ит қор адам болар ма  
Бұл жалғанда сорлыңдай?**

**Тілегімді бермесөң,  
Амалым не жерлесөң?  
Үйір қылма бойыңа,  
Шыны жақсы көрмесөң.**

**Қайғың болар шермен тең,  
Қара көңілім жермен тең,  
Сенсіз маған жат төсек  
Болар бейне көрмен тең.**

Сіз — бір **сұнқар** шанбаз<sup>1</sup>  
Жер жүзінен алған баж<sup>2</sup>,  
Біздей ғарып есепсіз  
**Есігінде** жүр **мұқтаж**.

**Көңлің тұрса** бізге ауып,  
Шыныменен қозғалып,  
Біз — қырғауыл, сіз — **түйғын**,  
Тояттай бер, кел де алып.

Тал жібектей оралып,  
Гүл гаыбықтай бұралып,  
Салмағыңдан жаншылып,  
Қалсын құмар бір қанып.

**Жарқ** етпес **қара** көнілім не **қылса** да,  
Аспанда ай менен күн шағылса да,  
**Дүниеде**, сірә, сендей маған жар жок,  
Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы **асық** сарғайса да, сағынса да,  
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,  
Шыдайды риза болып жар ісіне,  
**Қорлық** пен мазағына табынса да.

<sup>1</sup> Сабаз, ер (*парсыша*).

<sup>2</sup> Алым, салық. Бұл жерде тоят деген **мағынада** (*парсыша*).

\* \* \*

Көзімнің қарасы,  
Көңлімнің санасы,  
Бітпейді ішімде  
Ғашықтың жарасы.  
**Қазақтың** данасы,  
Жасы үлкен ағасы,  
Бар демес сендей бір  
**Адамның** баласы,

Жылайын, жырлайын  
Ағызып көз майын.  
Айтуға келген де,  
**Қалқама** сөз дайын.  
**Жүрекпен қозғайын**,  
Әдептен озбайын,  
**Өзі** де білмей ме,  
Көп сөйлем созбайын?

Терендеп қарайсың,  
Телміріп **тұрмайсың**,  
Бихабар жүргенсіп,  
Бек **қатты** сынайсың.  
Сан кісі мұңайсын,  
**Сабырмен** шыдайсың,  
Күйемін, жанамын,  
Еш рахым қылмайсың.

Кең **мандай**, қалың шаш  
Я бір кез, я құлаш.  
**Ақ тамақ**, қызыл жүз  
Карағым, бетінді аш!

**Қара көз, имек қас,  
Қараса жан тоймас.  
Аузың бал қызыл гүл,  
Ақ тісің кір шалмас.**

Қыр мұрын, **қыпша** бел,  
**Солқылдар, соқса** жел.  
Ақ етің үлбіреп  
Өзгеше біткен гүл.  
Қарағым, бермен кел,  
Бізге де көніл бөл.  
**Қалқамның** нұсқасын  
Көр, **көзім**, бір кенел.

**Қайғың** — қыс, жүзің — жаз,  
**Боламын көрсем** мәз.  
**Құлқіңіз** бойды алар,  
Бұлбұлдай **шықса** өуез.  
Кісімсіп дұрдараз,  
**Бұрандап** қылма наз.  
Мал **түгіл** басымды  
Жолыңа берсем де аз.

Исің гүл **аңқыған**.  
**Нұрың** күн **шалқыған**.  
Көргенде бой еріп,  
**Сүйегім балқыған**.  
Қаяусыз **қалпынан**,  
Өзі артық **даңқынан**,  
Қызыл тіл шыға алмас  
Мактаудың шартынан.

**Сенсің** — жан ләzzаті,  
**Сенсің** — тән шәрбәті,  
Артықша жаратқан  
Алланың рахматы,  
**Көрік** — тәнір дәuletі  
Қылса ұнар **құрметті**.  
**Сұлуды сүймектік** —  
Пайғамбар сұндеті .

**Не** десем болар **ең?**  
**Ғашығың** да қайғы жеп,  
Ортенген жүрекке  
Бір көрген болар сеп.  
Біздердей ғашық **көп**,  
Қайсысы саған дөп?  
Жөндеп те айтпадым,  
Жүрегім лұпілдеп.

Назына кім шыдар?  
Бұрандал жүр шығар.  
**Қасқая** күлгени  
Қылады тым құмар.  
Ер емес қымсынар,  
**Әркім-ақ**, ұмсынар.  
Құдай-ау, бұл көnlім  
Күн бар ма бір тынар?

**Ғашықтық**, құмарлық пен — ол екі жол,  
**Құмарлық** бір нәпсі **үшін** болады сол.  
Сенен артық жан **жоқ** деп **ғашық** болдым,  
Мен не болсам болайын, сен аман бол.

**Көnlімнің** рақаты сен болған соң,  
Жасырынба, нұрына жан қуансын,  
Бірге **жакқан** біреуге **жакпаушы** еді,  
**Сүйкімді** тірі жанға неткен жансың?!

Ғашықтық келсе, жеңер **бойынды** алып,  
Жүдетер безгек ауру сықылданып.  
**Тұла** бой тоңар, суыр үміт үзсе,  
Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып.

\* \* \*

**Желсіз** тұнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп,  
Ауылдың жаны — терең сай,  
Тасыған өзен күрілдеп.

**Қалың ағаш** жапырағы  
Сыбырласып **өзді-өзі**,  
Көрінбей **жердің** топырағы,  
Құлпырған жасыл жер жұзі.

Тау жаңғырығып, ән қосып,  
Үрген ит пен **айтаққа**,  
Келмеп пе едің **жол** тосып,  
Жолығуға **аулакқа**?

Таймандамай тамылжып,  
Бір сұнынып, **бір ысып**,  
Дем ала алмай дамыл **қып**,  
**Елең** қағып, **бос** шошып.

Сөз айта алмай бөгеліп,  
Дұрсіл **қағып** жүрегі,  
Тұрмап па еді сүйеніп,  
**Тамаққа** кіріп иегі?

\* \* \*

**Сап-сап, көнілім, сап, көнілім!**  
**Саяламай, сай таппай,**  
Не күн туды басыңа  
**Құні-тұні жай таппай?**  
Сен жайыңа жүргенмен,  
**Қыз өле ме бай таппай?**  
Тұн кезгенің **мақұл** ма,  
**Жан-жағыңа жалтақтай?**  
Өлемін деп **жүрмісің,**  
**Мұнан басқа жан таппай?**

Сап-сап, көнілім, **сап**, көнілім!  
**Сабыр түбі** — сары алтын.  
**Сабыр қылсаң** жайыңды  
Білер ме екен бекзатым?  
Көніл аулап сөз айтар  
Арадағы тілхатым;  
Ағын судай екпіндеп,  
**Лайы жоқ суатым,**  
Ауру да емес, **сау** да емес,  
**Құрыды** әл-қуатым.

Сап-сап, көнілім, **сап**, көнілім!  
Сана қылма бекерге!  
Сана қылғанмен пайда **жоқ.**  
Дүние даяр өтерге,  
Ажал даяр жетерге.  
Бейнет **көрмей**, дәulet **жоқ.**  
Әлі барып кетерге,

Оныменен **бойыңа**  
Иман, дәulet бітер ме?  
Адалды сатсан aramfa,  
**Құдай қабыл етер ме?**  
Кыз сүйеді мені деп,  
Оған көніл көтерме!

Сан-сан, көнілім, **сап**, көнілім!  
**Сарқа** берме санасын,  
Бәрін **өзің білсең** де,  
**Әлі-ақ өзің** танасын.  
Өртенесін, жанасын,  
Өз-өзінен бейнетке  
Өз басынды саласын.  
Қай мезгілде тойғыздың  
Аюдайыш ағасын,  
**Қатыны** мен қалашын?  
Қарсақ жортпас **қара** адыр,  
Қарамай неге **шабасын**?  
**С он** да тәуір бола ма,  
Үстап **ап** біреу сабасын?  
Киімінді тонасын,  
Елге де күлкі боласын.

Сан-сан, көнілім, **сап**, көнілім!  
**Сағынышқа** сарғайма!  
**Жәй жүрсөң** де **қыз қумай**,  
**Сені** біреу **қарғай** ма?  
Қыз іздесен, **қалың** бер,  
Мұным **ақыл** болмай ма?  
Көріп алсан **көріктіні**,  
**Тандап алсан тектіні**,  
**С он** да да көніл толмай ма?  
Егер **ад** ал жүргенде,  
Тіпті жолың болмай ма?